Бекітемін
Директор Абайханова Д.А

«Zeine kids» балабақшасының 2024-2025 оқу жылы бойынша жазғы сауықтыру кезеңдеріне арналған
ЖҰМЫС ЖОСПАР

Мақсаты: Жазғы демалыста балалардың ағзасын нығайту, ауруға қарсы тұруға оңтайлы жағдай құру; Балалардың жеке қасиеттерін ескере отырып, психологиялық және дене тәрбиелерін жетілдіру. Оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын табиғат аясында, таза ауада ойын түрінде ұйымдастырып, викториналық сұрақтар, интеллектуалды ойындар жүргізу аркылы балалардың танымдық белсенділіктерін дамыту.

Міндеттері:

- Бала денсаулығын нығайтатын дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын (спорттық және қимылды ойындар, музыкалық ырғақты қимылдар, массаж жасайтын кілемшенің үстінен жүру, т.б.) жүргізу;
- Дұрыс тамақтануды ұйымдастыру (фитошай, жемістер мен жидектер, т.б.);
- Шынықтыру (күннің астында болу, шөптің үстімен жаланаяқ жүру, ұйықтар алдында аяқты жуу, т.б.) жұмыстарын жүргізу;
- Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруда ата-аналардың жалпы педагогикалық мәдениетін арттырып, бөбекжаймен ынтымақтастықта жұмыс жүргізу.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	2	3	4
	Балалармен оқыту-тәрбиелеу жұмысын жүргізу		
1	Жазғы сауықтыру кезеңіндегі тәрбиелеу мен оқыту жұмысын жоспарлау, күнделікті оқу қызметтерін ұйымдастыру.	Жазғы сауықтыру кезені барысында	Меңгеруші Әдіскер Топ тәрбиешілері
2	2020-2021 оқу жылының өтпелі тақырыптары негізінде пән мұғалімдерінің (орыс тілі, компьютерлік сауаттылыққа үйрету, бейнелеу өнері) ұйымдастырылған оқу қызметтерінің ұйымдастырылуын жоспарлау, жүргізу	маусым, шілде	Әдіскер Топ тәрбиешілері Пән мұғалімдері
3	Музыка жетекшілерінің жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарларына сай ойын-сауықтары	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Әдіскер Музыка жетекшісі
4	Жас ерекшеліктеріне сай, бағдарлама талаптарына сәйкес ойын әрекеттері	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Тәрбиешілер
5	Балалармен тұрмыстық және жол зақымдарының алдын алу жөніндегі жұмыстар. Жол жүру ережелері бойынша әңгімелесу, ойын-сауықтар, ойындар, саяхаттар	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Тәрбиешілер
6	Балалармен балақша аумағына саяхаттар мен мақсатты серуендер ұйымдастыру: Жаяу серуені;	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Әдіскер Тәрбиешілер
7	Балаларға экологиялық тәрбие беру: әңгімелесу, серуендер, төңіректегі табиғи ортаға саяхат жасау; топтың гүлзарларында және бақшада еңбек ету.	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Тәрбиешілер
	Балалармен сауықтыру жұмысын жүргізу		
1	Бөбекжай тәрбиеленушілерінің барынша көп уақыт таза ауада болуы (таңертеңгі қабылдау, ертеңгілік жаттығу, дене шынықтыру, ұйымдастырылған оқу қызметтері, серуендер, ойын-сауықтар)	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Тәрбиешілер
2	Денсаулық құрал-жабдықтарының (батут, велоспиед, сырғанақ, т.б.) түр-түрін көбейту жолымен балалардың таза ауадағы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға жағдай жасау.	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
3	Күні бойы әртүрлі дене шынықтыру түрлерін жүзеге асыру (ауа, күн ванналарын қабылдау, сумен шынықтыру, қолды үнемі жуу, гигиеналық құралдарды қолдану, жаланаяқ жүру т.с.с)	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Медбике тәрбиешілер
4	Күнделікті серуен кезінде балалармен жеке және шағын топтастырып негізгі қимыл түрлерін дамыту жөніндегі жұмысты жүргізу	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Тәрбиешілер
	Профилактикалық жұмыс		
1	Қызметкерлермен нұсқамалар өткізу: - Балаларға дәрігерге дейінгі алдын-ала көмек көрсету тәнінгін ұйымдастыру; - Гигиеналық тазалық сақтау шаралары (бетперде, бір қолданатын қолғап); - Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына қауіпсіз жағдай жасау үшін эпидемияға карсы тәртіпті сақтау бойынша нұсқау жүргізу;	Мамыр	Медбике Директордың шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары

	- Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау және балалар жарақатының алдын алу іс-шаралары; - Балалар закымдарының, жол-көлік окиғаларының алдын алу жөнінде; - Балалардың улы өсімдіктермен және саңырауқұлақтармен улануының алдын алу жайлы; - Еңбекті қорғау және жұмыс орнында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау туралы; - Күн және ыстық өткен жағдайда алғашқы жәрдем беру жөнінде; - Тамакпен улану мен ішек жұқпаларының алдын алу туралы		
2	Тәрбиешілермен әңгіме жүргізу, кеңестер беру - ТЖ кезінде арақашықтық сақтау , гигиеналық шараларды жүргізу; - Дене шынықтыру рәсімдерін дұрыс ұйымдастыру туралы; - Алғашқы жәрдем беру жөнінде;	Маусым	Медбике
3	Әрдайым сауықтыру жұмыстарын өткізу: -емдеу-сауықтыру шаралары: кептірілген шөптерді пайдалана отырып, фитоемдеу жүргізу: - таза ауамен демалу, ертеңгілік жаттығулар жасау; - балалардың киімін қарау жеңіл киімдер кигізу. Жалаң аяқ жүргізу, бас киіммен жүру, аякка салқын және жылы су құю аркылы жаттығу; - демалу жаттығулары; - ояну жаттығулары.	Маусым-тамыз	Медбике
4	Балалармен әңгіме жүргізу: «Күннен қалай қорғану керек?»; «Көшедегі қараусыз жануарлар (мысық, ит)»; «Суық судың пайдасы»; «Рұқсат берілетін және рұқсат берілмейтін нәрселер»;	Маусым-тамыз	Медбике Тәрбиешілер
5	Күнделікті ас мәзіріне көкөніс-жемістерді, С дәруменін, шырындарды қосу.	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Медбике
Сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және бақылау			
1	«Жазғы мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау» туралы бұйрықпен таныстыру	Маусым	Меңгеруші
2	Жазғы демалысты ұйымдастыру жоспарын және іс-шараларын бекіту, ұжымға таныстыру	Маусым	
3	Әдістемелік-ұйымдастыру жұмысы: -күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу-іс әрекеті кестесін жазғы маусымға құру және бекіту	Маусым	Меңгеруші Әдіскер Әдіскер
4	Дәрігерлік-профилактикалық жұмысты жан-жақты бағытта ұйымдастыру жоспарын құру	Маусым	Медбике
5	Тамактандыруды ұйымдастыру: - Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру - Тамактану жөніндегі құжаттама, жазғы мәзір - Дәрумендеу, тамақтың калориялылығын бақылау	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Медбике
6	Жаңадан қабылданған балалардың бөбекжайға бейімделуіне жағдай жасау.	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Тәрбиешілер, Педагог-психолог
Әдістемелік жұмыс			
1	Тәрбиешілерге кенес беру:	Жазғы сауықтыру	Әдіскер

	«Балаларды тазалыққа баулу» «Жазғы кезеңдегі тәрбиелеу-сауықтыру жұмысын жоспарлау туралы кенестер»; «Қимылды ойындар түрлері»; «Серуен кезіндегі құм терапиясы»; «Ойын алаңындағы балалар еңбегі»	кезеңі барысында	Әдіскер
2	Топтағы жылжымалы папкаларды: -жаз мезгілінің күн тәртібін; -топтағы жазғы сауықтыру кезеңіндегі құжаттардың; -жазда бала тәрбиесіне ұсыныс, кеңестер, баланың танымдық дамуы бойынша жасалған жұмыстардың жүргізілуін бақылау.	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Әдіскер
3	Бөбекжай ата-аналарымен бірлесіп, ойын-сауықтарды ұйымдастыру.	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Әдіскер
4	Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын тексеру	Тамыз	Меңгеруші Әдіскер
	Ата-аналармен жұмыс		
1	Бөбекжайға алғаш келген балалардың ата-аналарын бөбекжай тәртібімен таныстырып,бейімделу жұмыстарын жүргізу	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Меңгеруші Педагог-психолог Медбике
2	Топтарда «Ата-аналар бұрышын» ресімдеу: - Жазғы мезгілге арналған күн тәртібі, оқу қызметінің кестесі; - Балаларды жаз мезгіліндегі тәрбиесі жайлы кеңес беру; - Мектеп жасына дейінгі балалардың танымын, тілін дамыту туралы кеңес беру; - Төтенше жағдай шараларын қатаң сақтау;	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Тәрбиешілер
3	«Ата-аналарға арналған денсаулық бұрышын» ресімдеу: - Күн және ыстық өтуінің алдын алу; - Ішек жұқпаларының алдын алу; - Қолды дұрыс жуу ережесі; - Дене шынықтыру рәсімдерін ұйымдастыру	Маусым	Тәрбиешілер. Медбике
4	Кенестер беру: - «Дәрумендер туралы не білеміз?» - «Ішек жұқпаларының алдын алу» - «Балаларды фаст-фудтан қорғау» - «Дизертериядан сақ болыңыз» – «Жалпақ табанның алдын алу» -«Ауыз су сапасы-денсаулық кепілі»	Айына екі рет	Медбике Тәрбиешілер
5	Ата-аналарды балабақшаға ауласын көгалдандыруға және бақша отырғызуға қатыстыру	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Тәрбиешілер Ата-аналар
6	Балалардың ойын аландарын жарамсыз тұрмыстық калдықтардан жасалған ертегі кейіпкерлерімен, әдемі мүсіндермен жабдықтау	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Тәрбиешілер Ата-аналар
	Топтарды және ойын аландарын жарақтандыру		

1	Табиғаттағы еңбек пен бақылауды, қозғалысты дамыту үшін құралдар мен ойын материалдарын толықтыру	Мамыр-Маусым	Директордың шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары
2	Жаз мезгілінде ойын жиынтығына, тозған материалдарға, құралдарға, қолданыстағы мүліктерге тексеріс жүргізу (есепке алу)	Маусым	Директордың шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары
3	Жөндеу жұмыстарын жүргізу, көленкеленген алаңдарды безендіру, ауланы көгалдандыру жұмыстары	Жазғы сауықтыру кезеңі барысында	Директордың шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары

Балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Топ тар	Жауаптылар
	Маусым айы			
I-апта	Көркем-музыкалық бағыт: **«Бақытты балалық шақ!» 1-маусым Халықаралық балалар күніне арналған салтанатты шара;** Шынықтыру-сауықтыру бағыты: Сауықтыру шараларын (таза ауадағы ертеңгілік жаттығу, демалу жаттығулары, серуен кезінде жаланаяқ құмды жолмен жүру, аяқты жылы сумен шаю, күннің көзінде жүру, таза ауада жүру, түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу, тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж, салқын сумен бетті, мойынды, қолды шынтаққа дейін шаю, т.б.) жүргізу; Қимылды ойындар: «Маған қарай жүгіріңдер!», «Тиіп кетпе!», «Тыныштық», «Тегіс шеңбер»,т.б.; Тілдік-шығармашылық бағыт: Балалар ақындарының өлеңдерін оқу: Ә.Табылдиев «Жаз», А.Сарсеков «Көбелек» (кіші-ортаңғы) Т.Айбергенов «Бақшаға саяхат». Н.Айтов «Жаз» (ересек-мектепалды); Жаз мезгілі туралы мақал-мәтелдер үйрету, жұмбақтар шешу. Танымдық-әлеуметтік бағыт: Әңгіме: «Табиғат ғажайыптары» табиғаттағы еңбек (кіші-ортаңғы), «Қауіпті заттар мен құралдар әлемінде», «Оралым-сүйікті қалам», «Еліміздің рәміздері» танымдық әңгіме жүргізу, түсіндіру жұмыстары (ересек-мектепалды);	02.06-06.06. 2025 ж	Барлық топтар	Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері
II апта	Шынықтыру-сауықтыру бағыты: Сауықтыру шараларын (таза ауадағы ертеңгілік жаттығу, демалу жаттығулары, серуен кезінде жаланаяқ құмды жолмен жүру, аяқты жылы сумен шаю, күннің көзінде жүру, таза ауада жүру, түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу, тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж, салқын сумен бетті, мойынды, қолды шынтаққа дейін шаю, т.б.) жүргізу; Тілдік-шығармашылық бағыт: Тыңдау «Табиғат дыбыстары», Билер: «Көбелектер», «Шегірткелер» (кіші-ортаңғы), «Теректердің жазғы көйлегі» көлемді аппликация, «Жидектер патшалығы» мүсіндеу, «Жасыл үй-біздің денсаулығымыз» тақырыбында әңгіме	**09.06-13.06**	Барлық топтар	Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері

	жүргізу (ересек-мектепалды); Танымдық-әлеуметтік бағыт: «Алғашқы жаракат» (кіші-ортаңғы), «Шипа» (ересек-мектепалды) («Өмір қауіпсіздігін сақтау негіздері» Аруна баспасы) танымдық әңгімелерін оқу, тапсырма орындау; Дидактикалық ойындар: «Көбелектер мен гүлдер», «Не ұзын?» (кіші-ортаңғы), «Не, қайда оседі?» (ересек-мектепалды); **«Жазды көңілді қарсы ал және жол жүру ережесін сақта» іс-шара**			
ІІІ аптада	Шынықтыру-сауықтыру бағыты: Сауықтыру шараларын (таза ауадағы ертеңгілік жаттығу, демалу жаттығулары, серуен кезінде жаланаяқ құмды жолмен жүру, аяқты жылы сумен шаю, күннің көзінде жүру, таза ауада жүру, түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу, тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж, салқын сумен бетті, мойынды, колды шынтаққа дейін шаю, т.б.) жүргізу; **«Дәрумендер және денсаулық» дене шынықтыру-сауықтыру кештері** Қимылды ойындар: «Сәлем көрші», «Ата-әжеге көмектесу» (кіші-ортаңғы); Релаксация «Теңіз толқыны» Тілдік-шығармашылық бағыт: Р.Тышқанбаев «Қуыршақ», М.Төрежанов «Әдепті баламыз» (кіші-ортаңғы), Б.Тәжімбетов «Балабақша», Х.Талғаров «Әжетайым» (ересек-мектепалды) өлеңдерін жаттап алу; Ұлттық аспаптармен танысу (ересек-мектепалды); «Жайлауда», «Зообақта» тақырыптарында суретке әңгіме құрау; Танымдық-әлеуметтік бағыт: «Ұлттық киімдер» иллюстрациясын қарау; Әңгіме: «Дизайн өнері-бұл не?» (ересек-мектепалды); Танымдық ойындар: «Жоғары және төмен» (кіші-ортаңғы), «Жоғарыдан қарағандағы түрі», «Суретші нені салуға ұмытып кеткен?» (ересек-мектепалды) **«Күлкі өмір сыйлайды!» ойын-сауығы**	**16.06-20.06**	Барлық топтар Барлық топ тәрбиешілері	Әдіскер
ІУ-апта	Көркем-музыкалық бағыт: **«Біз-суретші балғындар» ойын-сауығы** **«Менің таза қалам» асфальтқа сурет салу жұмысы;** Шынықтыру-сауықтыру бағыты:	**23.06.-27.06.**	Барлық топтар	Әдіскер

	Сауықтыру шараларын (таза ауадағы ертеңгілік жаттығу, демалу жаттығулары, серуен кезінде жаланаяқ құмды жолмен жүру, аяқты жылы сумен шаю, күннің көзінде жүру, таза ауада жүру, түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу, тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж, салқын сумен бетті, мойынды, қолды шынтаққа дейін шаю, т.б.) жүргізу; **«Шымыр болсын денеміз» дене шынықтыру сауықтыру кештері** Тілдік-шығармашылық бағыт: «Өлкемдегі дәрілік өсімдіктер», «Менің ғаламшарым», «Қанқызы менің досым» тақырыптарында әңгімелесу; «Табиғатым тамаша» әнін жаттау (кіші-ортаңғы); Туған жер туралы өлеңдер жаттау (ересек-мектепалды); Танымдық-әлеуметтік бағыт: «Туған өлке» альбомын дайындау; Танымдық сағат: «Балықтар тіршілігімен танысу» («Рыбы, какие они?» Т.А.Шорыгина) видеоролик; «Су асты әлемі» видеоролик тамашалау; **«Біз- табиғаттың жас қорғаушыларымыз» танымдық сағат**			Барлық топ тәрбиешілері
	Шілде айы			
I-апта	Шынықтыру-сауықтыру бағыты: Сауықтыру шараларын (таза ауадағы ертеңгілік жаттығу, демалу жаттығулары, серуен кезінде жаланаяқ құмды жолмен жүру, аяқты жылы сумен шаю, күннің көзінде жүру, таза ауада жүру, түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу, тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж, салқын сумен бетті, мойынды, қолды шынтаққа дейін шаю, т.б.) жүргізу; **«Қауіпсіз деп ойлама, отпен оқыс ойнама!» дене шынықтыру-сауықтыру кештері** Ойын-жарыстар: Велосипед тебу, батут ойындары; Тілдік-шығармашылық бағыт: «Өтірік өлең жаттаймыз» («Қазақ өтірік өлеңдері» Балауса баспасы), Ұлттық ойындар «Сакина жасыру», «Жасырынбақ» (кіші-ортаңғы), «Аларман», «Бөрік жасырмақ», «Түйе мен бота» (ересек-мектепалды) ойындарын ойнату; «Мен Астанаға барғанда..» тақырыбында ойша саяхат немесе астанаға барған балалар әңгімесін тыңдау	**30.06.-04.07**	Барлық топтар	Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері

	Танымдық-әлеуметтік бағыт: Әдептілік сабақтары: «Жақсы ма, жаман ба?» жеке жұмыстар жүргізу (кіші-ортаңғы), Этикет пфессорымен саяхат «Әркашан асыңыз дәмді болсын!», «Сыпайылық сапары», «Ұлдар мен қыздар жайлы» (ересек-мектепалды) («Воспитываем и учим» Л.Б.Фесюкова); Көркем-музыкалық бағыт: **«Қазақстанның астанасы -Нұрсұлтан» астана күніне орай мерекелік шара**			
II-апта	Шынықтыру-сауықтыру бағыты: Сауықтыру шараларын (таза ауадағы ертеңгілік жаттығу, демалу жаттығулары, серуен кезінде жаланаяқ құмды жолмен жүру, аяқты жылы сумен шаю, күннің көзінде жүру, таза ауада жүру, түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу, тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж, салқын сумен бетті, мойынды, қолды шынтаққа дейін шаю, т.б.) жүргізу; Қимылды ойындар: «Ормандағы аю», «Допты ұста!» (кіші, ортаңғы), «Шортандар мен карасьтар», «Аққу мен қаздар», «Тышқан мен мысық» (ересек-мектепалды); **«Жүзден жүйрік» шынықтыру-сауықтыру кеші** Көркем-музыкалық бағыт: **«Алтын сақа» ойын-сауығы;** Тілдік-шығармашылық бағыт: Қуыршақ театры: «Бақшадағы қоян» (кіші-ортаңғы), «Жеті лақ» (ересек-мектепалды); «Ойыншық», «Доп» (кіші-ортаңғы), «Қуыршақ», «Кран», «Пойыз» (ересек-мектепалды) өлеңдерін жаттау («Ойыншықтар әліппесі» Аруна баспасы); Ойын-өлеңдер жаттау: «Ойлап тап!» (кіші-ортаңғы), «Сан ішінде кім ұтты?» (ересек-мектепалды); Танымдық-әлеуметтік бағыт: («Өмір қауіпсіздігін сақтау негіздері» Аруна баспасы) танымдық әңгімелерін оқу, тапсырма орындау; «Құпиясы мол телефон», «Шыдамсыздықтың кесірі» Танымдық сағат: «Жұлдыздар жайлы не білеміз?» («Сиқырлы жұлдызша» кітабы); Жұмбақ әңгімелер: «Әуеде ұшқан бір топ қаз», «Тиіннің жолы», «Қанша шымшық қалды?» жасыру;	**07.07- 11.07.**	Барлық топтар Барлық топ тәрбиешілері	Әдіскер
III апта	Шынықтыру-сауықтыру бағыты: Сауықтыру шараларын (таза ауадағы ертеңгілік жаттығу, демалу жаттығулары, серуен кезінде жаланаяқ құмды жолмен жүру,	**14.07 - 18.07.**	Барлық топтар	Әдіскер

	аяқты жылы сумен шаю, күннің көзінде жүру, таза ауада жүру, түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу, тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж, салқын сумен бетті, мойынды, колды шынтаққа дейін шаю, т.б.) жүргізу; Денсаулық жайлы мақал-мәтел, нақыл сөздер үйрету, мағынасын ашу. **«Сақтаныңыз, алдымызда жол!» дене шынықтыру-сауықтыру кештері** Қимылды-козғалыс ойындары: «Су тасу», «Кім үйді тез құрастырады?»; «Қызықты эстафета» - эстафеталық жарыстар (кіші-ортаңғы); Саусақ ойындары: «Ормандағы саусақ», «Саусақпен саусақ кездесті»; Тілдік-шығармашылық бағыт: «Жазғы спорт түрлері» презентациясын қарау, спорт түрлерін әңгімелеу; Ойын-өлеңдер жаттау: «Чемпиондар» (кіші-ортаңғы), «Дені саудың - жаны сау» (ересек-мектепалды); Танымдық-әлеуметтік бағыт: «Дені саудың-жаны сау» ата-аналарға кеңестер. Ұжымдық жұмыс «Стадион сұлбасы». «Конжық-футболшы» мүсіндеу. «Тобымыздың спортшылары» тақырыптық альбомдар жасау. **«Театралдық қойылымдар» ойын-сауығы**			Барлық топ тәрбиешілері
IV апта	Шынықтыру-сауықтыру бағыты: Сауықтыру шараларын (таза ауадағы ертенгілік жаттығу, демалу жаттығулары, серуен кезінде жалаңаяк құмды жолмен жүру, аякты жылы сумен шаю, күннің көзінде жүру, таза ауада жүру, түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу, тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж, салқын сумен бетті, мойынды, колды шынтаққа дейін шаю, т.б.) жүргізу; Ойын-жаттығулар (кіші-ортаңғы); «Жүйрік велосипедшілер» жарысы (ересек-мектепалды); Қазақ ұлттық ойындары: «Жорға жарыс», «Алярман», «Бөрік жасырмақ», «Соқыр теке», «Орамал тастау»; Қимылды ойындар: «Аю және аралар», «Қаздар және түлкі», «Жанбыр және күн». **«Әр ұлттың үздік ұлттық ойыны» денсаулық күні** Тілдік-шығармашылық бағыт: Ертегілер оқу: «Өсімдікке айналған қоян»,	**21.07.-25.07.**	Барлық топтар	Әдіскер Дене шынықтыру нұсқаушылары Барлық топ тәрбиешілері

	«Піл құлағы» (кіші-ортаңғы), «Бұрымнан өскен Сүмбілшаш», «Қоңыраугүл мен қырыққұлақ» (ересек-мектепалды); Танымдық-әлеуметтік бағыт: «Емдік шөптер», «Табиғат көмекшілері» Танымдық сағат: «Көкөністер көлемі» («Овощи, какие они?» Т.А.Шорыгина); Қимылды-дамытушы ойындар: «Міне, қандай таяқша!», «Жолдар» (кіші-ортаңғы), «Қазына іздеу», «Ұлулар қайда мекендейді?» (ересек-мектепалды); «Жазғы жұмыстар» (өсімдіктерді жинау), Клумбадағы гүлдерді баптау; Көркем-музыкалық бағыт: **«Көңілді алақандар» ойын-сауығы**			
I апта	Шынықтыру-сауықтыру бағыты: Доппен ойын: «Алысқа және биікке», «Дәл тигіз», «Қуып жет»; Сауықтыру шараларын (таза ауадағы ертеңгілік жаттығу, демалу жаттығулары, серуен кезінде жалаңаяқ құмды жолмен жүру, аяқты жылы сумен шаю, күннің көзінде жүру, таза ауада жүру, түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу, тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж, салқын сумен бетті, мойынды, қолды шынтаққа дейін шаю, т.б.) жүргізу; **«Спорт-денсаулық кепілі» дене шынықтыру сауықтыру кештері** Тілдік-шығармашылық бағыт: Дидактикалық ойын: «Қуыршақты киіндір» (жазғы киім үлгісі), «Адам денесі», «Жемістерді жидектерден ажырат»; Артикуляциялық гимнастика: «Күрекше», «Жыландар», «Түтікше», «Дәмді тосап»(кіші-ортаңғы) Ертегіні сахналау: «Мақта қыз бен мысық», «Қолғап», «Піл баласы» (ересек-мектепалды) Танымдық-әлеуметтік бағыт: Табиғаттағы таңғажайыптар: «Ағзамыз және біз», «Теңіздегі тіршілік», «Жерасты әлемі», «Өсімдіктер әлемі»; Жұмбақтар шешу, жұмбақ есептер ойлап шығару; Көркем-музыкалық бағыт: **«Сиқырлы дәрумендер»**	**28.07.-01.08.**	Барлық топтар	Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері
Тамыз айы				

II-апта	Шығықтыру-сауықтыру бағыты: Сауықтыру шараларын (таза ауадағы ертеңгілік жаттығу, демалу жаттығулары, серуен кезінде жаланаяқ құмды жолмен жүру, аяқты жылы сумен шаю, күннің көзінде жүру, таза ауада жүру, түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу, тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж, салқын сумен бетті, мойынды, колды шынтаққа дейін шаю, т.б.) жүргізу; Тілдік-шығармашылық бағыт: Ертегілер оқу: «Күнді аңсаған күнбағыс», «Қатыгез ханшайым», «Гүлдер таласы»; Гербарий жинау, Тақырыптық альбомдар жасау: «Біздің ауланың әсем гүлдері»,«Көбелектер әлемі»; Қуыршақ театры: «Ормандағы оқиға» (кіші-ортаңғы); Балалар ақындарының өлеңдерін оқу: О.Аскар «Мысықпен тілдесу», Ш.Әлдибеков «Жайлауда», А.Әленов «Ботақан», М.Әлімбаев «Кемпірқосақ»;(ересек-мектепалды) Танымдық-әлеуметтік бағыт: «Ежелгі тіршілік иелері» («Таңғажайып баскатырғыш» пазлы ойындары; Жұмбақ әңгімелер: «Бұлт неге қашты?», «Тасадағы мысықтар», «Жапырақтардың құпиясы»;ч	04.08.- 08.08.	Барлық топтар	Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері

	Шынықтыру-сауықтыру бағыты: Сауықтыру шараларын (таза ауадағы ертеңгілік жаттығу, демалу жаттығулары, серуен кезінде жаланаяқ құмды жолмен жүру, аяқты жылы сумен шаю, күннің көзінде жүру, таза ауада жүру, түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу, тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж, салқын сумен бетті, мойынды, қолды шынтаққа дейін шаю, т.б.) жүргізу; **«Колік жүргіншілері» дене шынықтыру-сауықтыру кештері** Қимылды-қозғалыс ойындары: «Су тасу», «Кім үйді тез құрастырады?»; «Қызықты эстафета» - эстафеталық жарыстар; Саусақ ойындары: «Ормандағы саусақ», «Саусақпен саусақ кездесті»; Тілдік-шығармашылық бағыт: «Театр түрлері-өз қолымызбен» көлеңке, қасық, бетперде т.б. театр түрлеріне сай, ертегі кейіпкерлерін жасау; Ойын-өлеңдер жаттау: «Саусақ санау» (кіші-ортаңғы), «Санамақ» (ересек-мектепалды); Танымдық-әлеуметтік бағыт: Танымдық сағат: «Көкөністер көлемі» («Овощи, какие они?» Т.А.Шорыгина); Қимылды-дамытушы ойындар: «Міне, қандай таяқша!», «Жолдар» (кіші-ортаңғы), «Қазына іздеу», «Ұлулар қайда мекендейді?» (ересек-мектепалды); «Жазғы жұмыстар» (өсімдіктерді жинау), Клумбадағы гүлдерді баптау; Көркем-музыкалық бағыт: **«Жайдарлы жаз, тамаша!»**	**11.08.-15.08.**	Барлық топтар	Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері
III-апта	Шынықтыру-сауықтыру бағыты: Қимылды ойындар: «Қараторғай ұялары», «Мысық пен торғайлар», «Орамал тастамақ»; Сауықтыру шараларын (таза ауадағы ертеңгілік жаттығу, демалу жаттығулары, серуен кезінде жаланаяқ құмды жолмен жүру, аяқты жылы сумен шаю, күннің көзінде жүру, таза ауада жүру, түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу, тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж, салқын сумен бетті, мойынды, қолды шынтаққа дейін шаю, т.б.) жүргізу; **«Спорт-ердің серігі!» әке мен бала арасындағы дене шынықтыру сауықтыру кештері** Тілдік-шығармашылық бағыт: «Мен жаз мезгілін қалай өткіздім?» балалармен әңгіме жүргізу.	**18.08.-22.08.**	Барлық топтар	Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері

	«Көңілді жаз» тақырыптық ширмалар жасау. Ертегі оқу: «Ақгүл неге Түймедақ атанды?», «Сырнайшының бақыты»; Балалар ақындарының өлеңдерін оқу: М.Әлімбаев «Біз қалай өсеміз?», Ә.Дүйсеков «Бақытты балалық шақ», Ю.Тувим «Көкөніс», Б.Тәжімбетов «Балабақша»; Танымдық-әлеуметтік бағыт: «Берекелі бақша» бақша өнімдерін (құлпынай, т.б.) жинау. «Көңілді көкөністер» ересек-мектепалды топтарының қойылымы. «Жемістер патшалығы» тақырыбына аппликация дайындау: (кіші-ортаңғы) «Саңырауқұлақтар патшалығы» (дәстүрден тыс әдіс арқылы) тұзды қамырдан жапсыру; Көркем-музыкалық бағыт: **«Балабақшам – бақыт пен шаттық мекені!»**			
ІУ апта	«Балалар әлемді бейнелейді» асфальтқа сурет салу: Шынықтыру-сауықтыру бағыты: «Көңілді парад» велосипедшілер мен жаяу жүргіншілер шеруі; Қимылды ойындар: «Көжектер мен түлкілер», «Қоңырау қайдан естіледі?», «Желкөбік»; (кіші-ортаңғы) Сауықтыру шараларын (таза ауадағы ертеңгілік жаттығу, демалу жаттығулары, серуен кезінде жалаңаяқ құмды жолмен жүру, аяқты жылы сумен шаю, күннің көзінде жүру, таза ауада жүру, түскі ұйқыдан кейін тұзды жолмен жүру және кедір-бұдыр жолға ауысу, тыныс алу жаттығулары, нүктелі массаж, салқын сумен бетті, мойынды, қолды шынтаққа дейін шаю, т.б.) жүргізу; **«Денсаулық-ұрпақтың байлығы» дене шынықтыру мерекесі** Тілдік-шығармашылық бағыт: «Мен Оралдың тұрғынымын» балалармен әңгіме жүргізу. «Туған өлкем» тақырыптық ширмалар жасау. Конституция күніне қабырға газеттерін шығару. «Ту». «Отан», «Қазақстан» тақпақтар жаттау. Суретті кітаптар (+CD) оқу: «Менің елім Қазақстан», «Таза бұлақ» («Менің алғашқы кітабым» Астана қ., 2011ж), Өлеңдер, әндер жаттау: «Жаса, Қазақстан!», «Тәуелсіздігім-тәнірден келген тәтті сый» Ж.Дүйсенов Көркем-музыкалық бағыт: **«Ата Заң-алтын тұғырымыз!» Конституция күніне арналған мерекелік шарасы;**	**25.08- 29.08**		Әдіскер Барлық топ тәрбиешілері